


**ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ  
САБАҒЫНДА  
БАҒАЛАУДЫҢ ТҮРЛЕРІ**



# БАҒАЛАУ ТАРИХЫ

Бағалаудың алғашқы жүйесі **Германияда** пайда болған. Ол **үш ұпайдан** тұрған, әрқайсысы разрядтарды білдірген. Осы разрядтар бойынша оқушылар үздіктер, орташалар және нашарларға бөлінген. Уақыт өте орташа разрядты екі класқа бөледі, өйткені оқушылардың көпшілігі осы разрядта болған. Осылай бес ұпайлық шкала пайда болған.



## БАҒАЛАУ ТАРИХЫ

Ресейде алғашқы рет **1737** жылдан бастап білімді бағалай бастаған. Бағалар ол кезде сөздік түрде, «жақсы-жаман» ұғымдары шеңберінде болған. Кейінгі уақыттарда ресейлік бағалау 3-, 5-, 8-, 10-, 12-ұпайлық жүйеден өткен.



## БАҒАЛАУ ТАРИХЫ

1939 жылы сөздік бағалау қайта оралды, «қанағаттанарлықсыз», «қанағаттанарлық», «жақсы», «үздік» бағалары қойыла басталды. 1944 жылы ол сөздерге үйреншікті 1-ден 5-ке дейінгі ұпайлар қосылды. Осылай 5-ұпайлық бағалау жүйесі заңды түрде енгізіліп, бүкіл совет дәуірінде мүлдем жаңартылмады.



# ШЕТЕЛДЕГІ ЗАМАНАУИ БАҒАЛАУ

*Белоруссияда* 2003 жылдан бастап 10-ұпайлық бағалау жүйесі енгізілген. *Молдова, Латвияда* да 10-ұпайлық жүйе, *Украинада* – 12-ұпайлық бағалау. 10, 11, 12 ұпайларына оқитын бала бұл жерде үздік болып танылып, мектепті бітіруде алтын медальмен марапатталады.

*Польшада* оқушылар 6 ұпаймен бағаланады.



## ШЕТЕЛДЕГІ ЗАМАНАУИ БАҒАЛАУ

*Францияда* 20-ұпайлық шкала бойынша оқиды, бірақ ең жоғарғы ұпай бұл жерде – 18 ұпай. Француздардың түсінігі бойынша 20 ұпайды тек Алла тағала жинай алса, 19 ұпайды мұғалім мырза жинай алады екен. 14-16 ұпай керемет нәтиже болып табылады. Француздік жақсы оқитын оқушылардың көпшілігі 10-нан 12-14 ұпайға дейін жинайды екен.



# ШЕТЕЛДЕГІ ЗАМАНАУИ БАҒАЛАУ

*Ұлыбританияда* цифрлік бағалаудың орнына сөздік бағалау жүзеге асырылады. Бұл оқушының жұмысын толық және жан-жақты сипаттауға мүмкіндік береді.

## **Бағалау формасының үлгісі:**

Оқушының аты-жөні. Оқу пәні. Толтыру күні. Сипатталып жатқан уақыт мерзімі (1, 4 немесе 12 апта). Пән бойынша оқушы үлгерімінің жалпы сипаттамасы – мұғалімнің жан-жақты пікірі.



## ШЕТЕЛДЕГІ ЗАМАНАУИ БАҒАЛАУ

*Жапонияның* бағалау жүйесі өте қызық. Мұнда 100-ұпайлық жүйе, бірақ оқушының білім деңгейі жеке бағаланбайды. Тоқсан соңында бүкіл сыныпқа білім сапасының жалпы пайызы мен үлгерімнің орта ұпайы шығарылады. Бірақ соңғы кезде мұндай бағалау шынайы емес деген көптеген пікірлер айтылуда, сондықтан жуырда жапондықтар бұл бағалау жүйесінен бас тартуы мүмкін.





## БАҒАЛАУ

**Бағалау** (ағылш. – *assessment* → *size*  
(көлемін анықтау, көбінде салықтың)  
→ *sed / sit* – отыру (соттың қасында  
ақпарат беріп көмектесу) – бұл оқыту  
нәтижесінде оқушылар нені біліп түсінді  
және осы білім-түсініктерін қалай қолдана  
алатынын терең түсіну үшін түрлі дерек  
көздерінен ақпаратты жинақтау және  
талдау үдерісі.



# БАҒАЛАУ МАҚСАТЫ

*Оқушылардың оқудағы жетістіктерін бағалаудың негізгі мақсаты* – алынған білімдік нәтижелердің алдын ала жоспарланған нәтижелерге сәйкестік дәрежесін анықтау.



## БАҒАЛАУ

### Ұмытпа!

*Оқушының өзі емес, оның жұмысы бағаланады. Ал бағалауда басты назарды жұмыстың кемшіліктеріне емес, жетістіктеріне аудару керек. Кемшіліктер екінші кезекте қарастырылады.*



# БАҒАЛАУ ТҮРЛЕРІ

**Диагностикалық бағалау** — бұл оқушының білім, білік, дағдылары мен құзыреттіліктері қалыптасуының бастапқы деңгейін анықтау. Диагностикалық бағалау әдеттегідей оқу жылының басында немесе жаңа тақырыптың, бөлімнің, тараудың бірінші сабағында өткізіледі.



# ДИАГНОСТИКАЛЫҚ БАҒАЛАУ

**Ұмытпа!**

*Диагностикалық жұмысты тексеру нәтижесінде алынған баға сынып журналына қойылмайды.*



# ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУ

*Қалыптастырушы (формативтік) бағалау* – бұл баланың оқуын үздіксіз бақылау үдерісі. Қалыптастырушы бағалау бағасыз бағалау болып табылады, ол критерийлерге сәйкес бағалауға негізделеді және кері байланысты меңзейді.

*Қалыптастырушы бағалау мақсаты* – оқу үдерісінің барысында мұғалім мен оқушы қызметін түзету. Қалыптастырушы бағалау оқу нәтижесін жақсартуға бағытталған.



# ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУ

**Ұмытпа!**

*Қалыптастырушы бағалау нәтижесінде алынған баға сынып журналына қойылмайды! Баға (шартты белгі, штрихтер, т.б. түрінде) мұғалімнің жеке журналына қойылады.*



# ОҚУШЫЛАРДЫҢ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІН БІЛУІ ЖӘНЕ ТҮСІНУІ

*Критериалды бағалау* - оқу бағдарламасындағы күтілетін нәтижелерге жету мақсатында оқушылардың білім алудағы жеке даму жолына түзетулер енгізуге мүмкіндік беретін, оқушының оқу жетістігін алдын-ала нақты анықталған бағалау критерийлерімен сәйкестігін бағалау болып табылады.





# ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗ ЖҰМЫСЫН ТАЛДАЙ АЛУ БІЛГІ МЕН МҮМКІНДІГІ (РЕФЛЕКСИЯ)

*Рефлексия* сөзі латын тілінен аударғанда (*reflexio*) артқа қарау деген мағынаны білдіреді. Заманауи педагогикада рефлексияны өз қызметін, оның нәтижелерін талдау деп түсінеді. Рефлексияны тек сабақ соңында ғана емес, сонымен қатар оның кез келген кезеңінде қолдануға болады.



## *ЖИЫНТЫҚ (СУММАТИВТІ) БАҒАЛАУ*

*Жиынтық (суммативті) бағалау* – бұл белгілі уақытта тақырыпты, тарауды үйрену соңында оқушының білім, білік, дағдылары мен құзыреттіліктері қалыптасу деңгейін анықтау.

*Жиынтық бағалау мақсаты* – белгілі уақыт ішінде оқушының білім, білік, дағдылары мен құзыреттіліктері қалыптасу деңгейін және алынған нәтижелердің стандарт талаптарына сәйкестігін анықтау.



## ЖИЫНТЫҚ (СУММАТИВТІ) БАҒАЛАУ

**Ұмытпа!**

*Жұмысты тексеру нәтижесінде алынған баға сынып журналына қойылады.*



# БАҒАЛАУ ӘДІСТЕРІ

## «Қол сигналдары» әдісі

- *Мен ... түсініп жатырмын және түсіндіре аламын (бас бармақ жоғарыға қарай көтерілген);*
- *Мен кейбір тұстарды түсінбедім (бас бармақ жанына қарай көрсетіп тұр);*
- *Мен түсінген жоқпын (бас бармақ төменге қарай көрсетіп тұр).*



# БАҒАЛАУ ӘДІСТЕРІ

## «Бағдаршам» әдісі

Әрбір оқушыда бағдаршамның үш түсі бойынша карточкалары бар. Мұғалім оқушыдан материалды түсінгенін немесе түсінбегенін белгілі карточкамен көрсетуін өтінеді. Жасыл түсті карточканы көтергендерден (барлығын түсіндім): «Не түсіндің?» деп сұрайды, сары немесе қызыл түсті карточканы көрсеткендерден: «Нені түсінбедің?» деп сұрақ қояды. Алынған жауаптар қорытындысы бойынша мұғалім тақырыпты қайта түсіндіру, пысықтау немесе тақырыпты түсіндіруді жалғастыру туралы шешімді қабылдайды.




# БАҒАЛАУ ӘДІСТЕРІ

## «Индекс карточкалары» әдісі

Мұғалім кей кезде оқушыларға екі бетінде де тапсырмалары бар карточкаларды таратып тұрады:

- ▣ **1-ші беті:** өтілген материал (тақырып, тарау) бойынша негізгі идеяларды атап өтіп, оларды жинақта.
- ▣ **2-ші беті:** өтілген материал (тақырып, тарау) бойынша нені түсінбегеніңді анықтап, сұрақтарыңды жаз.



# БАҒАЛАУ ӘДІСТЕРІ

## «Температураны өлшеу» әдісі

Бұл әдіс оқушылар тапсырманы қаншалықты дұрыс орындап жатқанын анықтау үшін қолданылады. Ол үшін оқушы қызметін тоқтатып, мұғалім оқушылардан: **«Біз не істеп жатырмыз?»** деп сұрайды. Оқушы жауаптарынан мұғалім олар қаншалықты тапсырманың мәнісін немесе оны орындау ретін түсінгенін анықтай алады.



## БАҒАЛАУ ӘДІСТЕРІ

### «Болжамдау, түсіндіру, жинақтау, бағалау» әдісі

Мұғалім шаршыны төртке бөліп, әр бөлікке келесі сөздерді жазып қояды: *болжамдау, түсіндіру, жинақтау, бағалау*. Жаңа тақырыпты түсіндіріп болған соң оқушыларға өздеріне белгілі бір бөлікті таңдап алуды ұсынады. Мұғалім оқушыға осылай ол өзіне өтіп жатқан тақырып бойынша тапсырма түрін таңдайтынын түсіндіреді. Таңдауына қарай мұғалім тапсырма береді.





# БАҒАЛАУ ӘДІСТЕРІ

## «Аяқталмаған сөйлем» әдісі

- Мен бүгін ... білдім.
- Маған ... қызықты болды.
- Маған ... қиын болды.
- Мен келесі тапсырмаларды орындадым... .
- Мен ... екенін түсіндім.
- Мен енді ... жасай аламын.
- Мен ... үйрендім.
- Мен ... жасай алдым.
- Мен ... жасап көремін.
- Мен ... таңқалдым.
- Мен өмірде ... қолданамын.
- Маған ... ұнамады.



# БАҒАЛАУ ӘДІСТЕРІ

## «Плюс-минус-қызықты» әдісі

Оқушыларға сабақ соңында кестені толтыру ұсынылады: **П (+), М(-), Қ (қызықты).**

- ▣ **«П»-«плюс»** бағанына сабақта ұнаған нәрсе жазылады: ақпарат, жұмыс түрлері, т.с.с.
- ▣ **«М»-«минус»** бағанына сабақтың ұнамаған немесе түсініксіз сәттері, оқушы пікірі бойынша оған ешқандай қажеттілігі жоқ ақпарат жазылады.
- ▣ **«Қ»-«қызықты»** бағанына оқушылар сабақта естіген қызықты мәліметтерді жазады, оған қоса тақырып бойынша білгісі келетін мәселелер бойынша мұғалімге сұрақтар жазуға болады.



# БАҒАЛАУ ӘДІСТЕРІ

## «Ақылдың алты қалпағы» әдісі

- «Ақ қалпақ» – статистикалық (проблема бойынша тек фактілер (талқылаусыз) айтылады).
- «Сары қалпақ» – жағымды, оңды (оңды, позитивті жақтар айтылады).
- «Қара қалпақ» – негативті (айтылып жатырған мәселенің тиімсіз жақтарын анықтайды).
- «Көк қалпақ» – аналитикалық (талдау жүргізіледі, топ неге? не үшін? деген сұрақтарға жауап береді).
- «Жасыл қалпақ» – шығармашылық (алуан түрлі, қисынға келмейтін ойлар мен ұсыныстарды айтуға болады).
- «Қызыл қалпақ» – эмоционалды (топ мүшелері материалмен жұмыс жасап жатқандағы көңіл-күйлерін сипаттайды).



# БАҒАЛАУ ӘДІСТЕРІ

## *«Шеңбер бойынша жазу» әдісі*

Топтағы әрбір оқушының өз парағы болуы керек. Оқушылар 2 минут ішінде парақтарына тақырып бойынша 1-2 сөйлем жазады. Парақтар шеңбер бойынша келесі оқушыларға беріледі. Олар алдыңғы жазуды оқып, өзінің ойын қосады. Солай парақтар бірі-біріне беріліп, соңында әркімнің парағы өзіне қайта келуі керек. Соңында бір оқушы жазғанды топ алдында оқып береді. Егер маңызды мәлімет қалып кетсе, онда жазулар толықтырылады.



# БАҒАЛАУ ӘДІСТЕРІ

## «Сауалнама» әдісі

1. Сабақта мен ... белсенді болдым / белсенді болмадым.
2. Сабақтағы жұмысыма... қанағаттандым / қанағаттанбадым.
3. Сабақ мен үшін... жылдам аяқталды / аяқталмай кетті.
4. Сабақта мен ... шаршадым / шаршамадым.
5. Менің көңіл-күйім... жақсарды / нашарлады.
6. Сабақтағы материал... түсінікті / түсініксіз  
пайдалы / пайдасы жоқ  
қызықты / қызық емес
7. Үй тапсырмасы мен үшін жеңіл / қиын  
қызықты / қызық емес



# БАҒАЛАУ ӘДІСТЕРІ

## «Сұрақ конверті» әдісі

Мұғалім конверт сыртына бір сұрақ жазады, мысалы: «Бүгінгі сабақта білгеніңнің ең маңыздысы неде?» немесе «Жаңа тақырыптың қай тұсы саған түсініксіз болып қалды?». Оқушылар конверті бір-біріне беріп, әрқайсысы жеке өз жауаптарын парақтарға жазып, конвертке салады. Мұғалім сабақтан соң жазуларды қарап шығып, қорытынды жасайды.

